

Қарқаралы ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын 2018 жылы ұсыну туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 21 желтоқсандағы ХХІ сессиясының № VI-21/179 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 28 желтоқсанда № 4507 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 25.04.2018 № VI-26/232 (оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы" Қаулысына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы № 72 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 9946 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, аудандық мәслихат

ШЕШІМ ЕТТІ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 25.04.2018 № VI-26/232 (оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Қарқаралы ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, өтініш берген сәтіне жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы ұсынылсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 25.04.2018 № VI-26/232 (оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Қарқаралы ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға өтініш берген сәтіне тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін, маманмен мәлімделген сомада, бірақ бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын, бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау ұсынылсын.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 25.04.2018 № VI-26/232 (оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. "Қарқаралы ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы шешімді іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

21 сессия төрағасы:

Аудандық мәслихат хатшысы:

Р. Смагулов

С. Нуркенов